



БҮЙРЫҚ

19. 12. 2023

Астана қаласы

ПРИКАЗ

No

215

город Астана

**Жалпы білім беретін пәндер бойынша 9-11 сынып
оқушыларына арналған республикалық олимпиаданың
II (аудандық) кезеңін өткізу туралы**

«Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығының 2023 жылдың 6 желтоқсандағы №800/15-11-04 хаты және Астана қаласы Білім басқармасының 2023 жылғы желтоқсан айының 15-дегі №2584 бұйрығы негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Астана дарыны» дарынды балалар мен талантты жастарды анықтау және қолдау орталығы Интеллектуалдық іс-шараларды үйымдастыру және Халықаралық ынтымақтастық бөлімінің басшысы Ш.А.Қалқабаева жалпы білім беретін пәндер бойынша 9-11 сынып оқушыларына арналған республикалық олимпиаданың II (аудандық) кезеңін (бұдан әрі – Олимпиада) 2023 жылдың 19 желтоқсан күні жаратылыстану-математикалық бағыты, 20 желтоқсан күні қоғамдық-гуманитарлық бағыты бойынша Қ.Сәтбаев атындағы Binom school мектеп-лицейінің, А.Байтұрсынов атындағы Binom school мектеп-лицейінің, Ә.Бекейхан атындағы Binom school мектеп-лицейінің, Қадыр Мырза-Әлі атындағы Binom school мектеп-лицейінің, Ы.Алтынсарин атындағы Binom school мектеп-лицейінің, Ә.Кекілбаев атындағы Binom school мектеп-лицейінің базаларында (келісім бойынша) өткізуді үйымдастырын.

2. Олимпиаданың қазылар алқасының құрамы келісімдері бойынша қосымшаға сәйкес бекітілсін.

3. «Астана дарыны» орталығының бас есептісі Г.Ж.Жандилдина қазылар алқасының құрамында қызмет атқарған жоғары оқу орындары оқытушыларының сағаттық төлемақысын келісім шарт негізінде осы орталықтың 2023 жылғы қаржыландыру жоспарында белгіленген көлемде төлеуді қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау директордың ғылыми-әдістемелік жұмысы жөніндегі орынбасары А.Х.Абишевага жүктеймін.

Қосымша: п.

Директор

Ж. Бейсенбаева